

- всестороннее и гармоничное развитие школьников;
- формирование у обучающихся активной жизненной позиции;
- развитие гражданской ответственности за судьбу родной природы;
- формирование нравственных чувств и эмоций, связанных необходимостью охраны окружающей среды [9, с.112].

«Охрана природы - долг каждого» - вот основная идея, которая красной нитью проходит через содержание каждого натуралистического дела. При проведении внеклассных мероприятий по приобщению обучающихся младшей школы к охране окружающей среды в условиях обновленного содержания начального образования широко используются возможности интегрирования научных знаний одной науки в других, которые позволяют углублять их содержание, повышают его природоохранное значение, активизируют деятельность учащихся, пробуждают в них интерес к познанию, и способствуют формированию экологического сознания школьников.

Таким образом, проведение научного анализа по приобщению младших школьников к охране окружающей среды позволило нам сделать вывод о том, что приобщение к охране окружающей среды – одно из важных направлений в работе начальной школы, целью которого является формирование экологической культуры младших школьников. Несмотря на оживление работы по экологическому воспитанию в школах, ее уровень остается достаточно низким. Для систематизации работы в данном направлении необходима целенаправленная работа в младших классах, обеспечивающая организацию познавательной, познавательно-развлекательной, практической и исследовательской деятельности учащихся, использование инновационных и традиционных форм, активных методов и приемов работы, непрерывность и последовательность изложения учебного материала.

Литература:

1. Концепции развития образования Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 ноября 2022 года № 941.
2. Зверев И.Д. Цели природоохранительного просвещения в школе // Краеведческая работа в школе. – М., 2018. – С.3-10.
3. Захлебный А.Н. Состав понятий межпредметных связей в школьном природоохранительном просвещении. – М., 2009. - С.20-28.
4. Божович Л.И. Избранные психологические труды / Под ред. Д.И. Фельдштейна. – М., 1995. – С.74-79.
5. Леонтьев А.А. Психология общения. – М., 1997. – 291 с.
6. Хмель Н.Д. Формирование мировоззрения младших школьников: В помощь учителю начальных классов. – Алматы. – 2006. – 167с.
7. Хан Н.Н. Интегративный подход в экологическом воспитании школьников – Алма-Ата. – 2017. – С. 26-30.
8. Смаилов С. Развитие духовного мира школьника. – Алматы. – 2019. – 138 с.
9. Избасарова Ф.Д. Роль и место экологического воспитания в структуре мировоззрения. – Алматы. – 2015. – 172 с.

Жұмаш Г.Б.

«Абай атындағы мектеп-гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

Бакирова И.Д.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Аннотация. Мақалада білім беру процесіне қатысушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту процесінің тиімділігін арттыра алатын практикалық психологияның зерттеу бағыттары мен мектеп психологтарының жұмыстары негізделеді. Қазіргі мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін, қажеттілік-мотивациялық саласын талдау негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмасын әзірлеу және пайдалану кезінде осы сипаттамаларды ескеру қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, жас ерекшелік психологиясы, оқу мотивациясы, психологиялық сүйемелдеу, педагогикалық технологиялар.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарының алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі функционалды сауаттылықты қалыптастыру және дамыту міндеті болып табылады. Білім беруді басқару органдары мен білім беру ұйымдарының өздері бұл бағытта көп жұмыс жасады: функционалды сауаттылықты қалыптастыру процесін дидактикалық, әдістемелік қолдаудың тиісті әдістері бар, авторлық әзірлемелер қолданылады.

Функционалды сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалды сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалды сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру және дамыту мәселесін психологиялық тұрғыдан да пысықтаған жөн. Функционалды сауаттылықты психологиялық тұрғыда қалыптастыруды бірнеше бағытқа сәйкес жүзеге асыруға болады. Ең бірінші бағыты ретінде білім алушылардың жас ерекшелігін айтамыз. Функционалды сауаттылықты оқушыларда тәрбиелеуде оқушыларға беретін тапсырмалар мен сабақ жоспарларының жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп дайындалуынан бастаған жөн.

М.К.Бапаеваның «Даму психологиясы» еңбегіндегі жас ерекшелік психологиясының теориясына сәйкес бастауыш мектеп кезеңіндегі 7-10 жас аралығындағы оқушыларда негізгі іс-әрекет оқу іс-әрекеті болғандықтан, баланың барлық психикалық үдерісінде өзгерістер болады. Сөйлеу, зейін, түйсіну, логикалық ойлау процесстерінің дамуы қарқынды жүре бастайды. Қабылдау қабілеті жетіледі. Логикалық ойлауының даму ерекшелігінде ой қорытындысын жасай алу, себеп салдар анықтау, түсінік беру сияқты түрлері анық көріне бастайды.

Бастауыш сынып оқушыларының едәуір мүмкіншілігі бар. Себебі олардың интелектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі дейтін Ж. Пиженің пікірі дұрыс болғанымен, қазірде бұрын аңғарып көрмеген қабілеті бар екені анықталып отыр. Осыған сүйеніп психологтар қазіргі күнде беріліп жүрген оқу тапсырмалары оқушылар үшін жеткіліксіз дейді. Олар мүмкіншілігін толық тауыса алмайды. Сондықтан бұлардың оқуға мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырманы одан әрі қиындату қажет дейді [1,171б.]. Оқу, жазу сауаттылықтарын қалыптастыруда, ең алдымен, кіші мектеп жасында балалардың ойлау мен сөйлеу процесстері маңызды орын алады. Бұл орайда Ж.Аймауытов, Б.В.Беляев т.б. ойлау мен сөйлеу секілді күрделі психикалық құбылыстар туралы ой-пікірлерін қалдырған ғалымдардың еңбектерін талдаған жөн. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда іштей сөйлеу мен сөйлесімнің мәнін назарға алу олар орындайтын жаттығулар мен тапсырмаларды іріктеуде маңызды рөл атқарады. Оқыту үдерісінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады.

Оқыту үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды, яғни құзыреттіліктерді меңгертуде балалардың жас кезеңдеріне сәйкес пайда болатын жетекші әрекеттерге назар аударылды. Бастауыш сыныптан мектептің орта сатысына өту кезеңінде балалардың өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жаңа арнаға түседі: даралық сезімдері бас көтеріп, өзін-өзі тани бастайды. Білім беруде бұл мәселелер ескеріліп отыруы тиіс. Бастауыш мектеп кезеңі оқушылардың оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы және ерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Оқу әрекетінде олардың жалпы интеллектуалдық қабілеттері қалыптаса бастайды.

Сабақта функционалды сауаттылықты қалыптастыру үшін пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тактаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі

сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан турлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, конспектілері, хронологиялық кестелері болуға тиіс.

Жеткіншек жас, жасөспірімдік кезеңдегі орта және жоғары мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінде үлкен өзгерістер орын алады. Бұл кезеңдерде оқушылардың когнитивті дамуымен қоса қарым-қатынас ерекшеліктерімен қоса, оқу үрдісіндегі іс-әрекеттерінде де біршама өзгерістерге ұшырайды.

Э.Эриксон жеткіншек кезеңі мен жасөспірімдік шақты адамның өзін-өзі тұлғалық анықтау, ұқсастығын ұғыну міндеттерінің шешіміне қол жеткізудің орталық кезеңі ретінде қарастырады. Педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас психологиялық, педагогикалық зерттеулерде басты мәселелердің бірі болып табылады. Осы қарым-қатынас негізінде «педагогикалық қарым-қатынас» деген ұғым пайда болды. Балалардың ересектермен, әсіресе мұғалімдермен қарым-қатынасы өте маңызды. Себебі балада мектептегі оқуға өтумен байланысты өзінің іс-әрекетіне, ересектермен және құрбыларымен жаңа қатынасқа, жаңа өмір салтына өту дайындығымен қатар, білімдерді меңгеру дайындығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады [2].

Ересек адам баланы жаңа іс-әрекеттерді орындауға дұрыс үйретсе, оның оқуға деген қызығушылығы нығайып, оқудың жағымды мотивациясы қалыптасады. Балалардың таным дүниесінің мінез-құлқы мен адамгершілік позициясының қалыптасып, жетілуіне педагогикалық қарым-қатынастың әсері зор. Балалардың құрдастарымен жақын қарым-қатынасымен бірге, ересек адамдар, әсіресе, мұғалім оқушы үшін беделді адам иесі екенін ғалымдар Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин атап көрсетеді.

Педагогтың балалар психикасына әсер етудегі рөлі қарым-қатынас стилі арқылы көрінеді. В.С.Мухина қарым-қатынас стилін педагогтың балаларға әлеуметтік психологиялық әсер етуінің дара типологиялық ерекшелігі деп анықтайды.

Педагогтың қарым-қатынасындағы авторитарлық стиль педагогтың позициясынан байқалады. Іс-әрекетті күшпен орындатуы, балалар инициативасын табан асты ету, балалардан бағынуды талап етуі, балалар мүмкіншілігінен тыс жетістіктерге үміттенуге әсер ету педагог үшін тәрбиелеу тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұндай тәсілдер балалардың мінез-құлқына кері әсерін тигізеді, яғни қорқыныш-үрейлі күй кешуі, жүріс-тұрысын реттей алмауы, кез келген іс-әрекетке қызығушылығы мен ниет, мотивтерінің болмайтындығы зерттеу еңбектерде анық байқалады.

Дара стиль – мейірім, достық негізде болатындықтан, балалардың өзін-өзі еркін ұстауына, сенімді болуына, адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, дамытуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, демократиялық стильде балалар мен педагог арасындағы қарым-қатынас тең позицияда болады. Балалардың ішкі мүмкіндіктерін шығаруына педагог жағдай жасайды.

Либеральды – босаң стилі негізінен балалардың топтық жағдайға бейімделе алмауы, өз міндеттерін түсінбеуі педагогикалық қарым-қатынастың осы стиліне тән қасиет. Бұл педагогтың кәсіби әлсіздігімен және енжарлығымен түсіндіріледі. А.А.Бодалев балалардың эмоциялық қалпында және педагогтың қарым-қатынас стилі арасында өзара байланыстың болатынын дәлелдеген.

В.С.Мухина, А.В.Мудрик педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынаста барлық стильдер қолданылғанымен, осы стильдердің ішінен бірі басымдырақ болады. Бұл қарым-қатынаста педагог сендіру, иландыру тәсілдерін қолданады.

Иланушылық (сендіру) – қарым-қатынастағы адамдардың өзара әсер ету үдерістерінің бірі ретінде ырықты немесе ырықсыз, тікелей немесе жанама болуы мүмкін. Педагогикалық тұрғыда сендіру амалы күшті тәрбие құралы. Сендіру қарым-қатынастағы өзара әсер етудің барлық әдістерінің ең жетекшісі[3].

Д. Б. Эльконин бойынша оқушы өзінің мектептегі жұмысын қоғамдық міндетті іс-әрекет ретінде қабылдай бастайды, оқушы бойында жаңа қоғамдық сезімдегі мотивтері көріне бастайды. Б. Г.Ананьев балалардың мектептегі оқу үдерісі олардың бүкіл өмірін жаңаша ұйымдастырып, баланың отбасындағы орнының өзгертетіндігіне ерекше көңіл бөледі, өйткені онда отбасынан тыс міндеттер, яғни міндетті оқу еңбегі пайда болады.

Психологтар оқушының жеке тұлғасының қалыптасуындағы оқу іс-әрекетінің мәніне көңіл бөліп, «оқушының ішкі позициясын қабыл алу», «оның танымдық және адамгершілік күштерінің дамуының жаңа көздерін ашатын, мінезқұлық мотивтерінің өзгерісі», баланың «мектепте оқу міндетін» сезінуде қамтылған қоғамдық орнының өзгерісі сияқты аспектілерді бөліп көрсетеді.

Ақыл-ой әрекетіне, түрлі қатынастардың қайта құрылуына әсер ететін, өте мәнді фактор ретінде көрінетін, «педагогикалық бағамен» және эмоционалды-еріктік сферасымен, оқушының мотивациялық аясы анықталды.

Д.Б.Эльконин, балалардың жеке қарым-қатынасы мен ересектермен жалпы қарым-қатынастарының жүйесі оқу іс-әрекеті арқылы жанамаланады деген қорытынды жасады. Баланың оқу іс-әрекетіне енуі ересектің, оқушының өзіндік сана сезіміне әсер ету мүмкіншілігін дамытады. Осындай көзқарас негізінде оқушы мен ересек арасындағы өзара қарым-қатынастары, қарамақайшылықтағы екі тенденциямен сипатталады [4].

Біріншіден, ересектер талаптарына мойынсұну, бағыну міндеті болса, екіншіден, өзінің жеке басының дербестігін, құқығын қорғау мақсатында тәуелсіздік сезімі пайда болады. Осындай даму сатысы нәтижесінде баланың сана-сезімі жаңадан қалыптаса бастайды. Ересектермен қарым-қатынас қажеттілігі туындайды. Балалардың достық қатынастарының сыртқы өмірлік жағдайлары мен кездейсоқ қызығушылықтарының бірігуі, олардың өзара қарым-қатынасының негізгі түбірі болып саналады.

Балалардың ересектермен, әсіресе, мұғалімдермен қарым-қатынасы өте маңызды, себебі балада мектептегі оқуға өтумен байланысты өзінің іс-әрекетіне, ересектермен және құрбыларымен жаңа қатынасқа, жаңа өмір салтына өту дайындығымен қатар, білімдерді меңгеру дайындығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады. Ересек адам баланы жаңа іс-әрекеттерді орындауға дұрыс үйретсе, оның оқуға деген қызығушылығы нығайып, оқудың жағымды мотивациясы қалыптасады. Сонымен қатар, жасөспірімнің таным үдерісі де дами түседі.

Оқу материалдарын қабылдауы бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну. Оқу үдерісінде қабылдау ойлануы талап етеді. Қабылдау дегеніміз – мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Оқушы көбіне қызғылықты материалға көңіл бөліп, қиын материалды оқығысы келмейді. Сондықтан жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, үзінді етіп мәнсіз қалдыруы мүмкін. Ал жеткіншек зейіні олардың тек қызық объектіге назар аударуымен шектелмейді. Олардың ой-өрісі қалыптасып қалғандықтан, әр нәрсеге, яғни қызықты және қызық емес объектілерге арнайы түрде зейінін бөле алады.

Жеткіншек зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарың бір объектіден екінші объектіге аударып отыруға толық мүмкіншілігі бар. Жасөспірім жады мен есі төменгі сынып оқушыларына қарағанда, өз айырмашылығымен ерекшеленеді. Себебі төменгі сынып оқушысы мазмұнды ғана жадында сақтаса, ал жеткіншек мазмұнды мағынасына қарай есінде қалдырады.

Ж.Пиаже 12-13 жаста жеткіншектерде ойлаудың ең күрделі тәсілі, формалдық операция жасау көрініс табатынын айтады. Жеткіншек жасында жеке заттарды ұғымға жатқызып, оларды топтастыру, олардың өзара байланысын білу кеңінен өріс ала бастайды [5].

Жеткіншек үшін сабақ тек оқу емес, сонымен бірге сыныптастарымен, мұғаліммен жасалатын қарым-қатынас, елеулі әрекеттер, толғаныстарға толы ахуал. Материалдың өте қызықты түсіндірілуі және сабақта мұғалімнің жұмысты ұйымдастыру шеберлігі ғана жеткіншекке жолдастарын ұмыттыра алады. Жеткіншекте жеке мүдделер, ұнамды сабақтары мен қызығулары пайда болады. Тәжірибенің, айналадағы ортамен және адамдармен байланыстың молайып, ұлғаюы жеткіншектің оқуға деген зейінін кемітеді. Жеткіншектің оқуындағы қолайсыздықтың бірінші көрсеткіші төменгі сыныптармен салыстырғанда үлгерімнің төмендеуі. Мұның себептері оқу материалдарының игеру әдісінің дұрыс болмауына, оқуға деген көзқарастағы олқылықтар. Бұл екеуінің табиғи салдары - білімдегі олқылықтардың көбеюімен байланысты болуы мүмкін. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту осындай мәселелерді шешіп, оқушының дамуына тікелей әсер ететін білім болып табылады.

Жеткіншектік кезеңде оқу деген ұғымның мағынасы кеңейеді. Өйткені білім алу оқу программасының шеңберінен шығып, мақсатқа сай жүзеге асады. Оқу мен білімге деген көзқарас әр балада сапалық жағынан әр басқа болуы мүмкін. Көптеген жеткіншектерде ақыл-ой жұмысына деген тұрақты бейімділік, жаңа білімдер мен қасиеттерді меңгеруге ұмтылады. Ғылымның тиісті салаларына, өнер мен техникаға тұрақты ынта пайда болады. Жеткіншектерде мазмұны мектеп программасынан дербес қызметте жеке бастың бағалы қасиеттері қалыптасады.

Жеткіншектік кезеңде мектептегі оқу формалды іс-әрекетке айналуы және оқудан басқа күшті мүдделер басым болуы мүмкін. Оқудың қажеттігін абстрактілі түсінудің өзі жеткіншек үшін жұмыс жасаудың жеткілікті стимулы болмайды. Позициялық себептердің ынталандырушы күші күшті болуы мүмкін. Алайда баға алуды оқудағы басты нәрсе деп қарау, игерілетін білімге ықылас болмаған жағдайда оқу қызметінің күйреуіне апарып соғады. Оқу қызығалықсыз ауыр еңбекке айналып, білімнің формалды ғана сипаты болады [6].

Функционалды сауаттылықты психологиялық тұрғыда қалыптастырудың екінші бағыты – оқу мотивациясы. Бірінші кезекте әрбір педагогтың мақсаты функционалды сауаттылықты оқушы бойында қалыптастыру үшін ол оқушының оқуға деген мотивациясын көтеру жолдарын қарастырудан басталуы қажет.

Бастауыш сынып пен орта буындағы оқушылардың оқуға деген мотивациясы жоғары буын оқушыларының оқу мотивациясымен салыстырғанда жоғары деңгейде болады. Жоғары буын оқушыларының оқу мотивациясының төмен болуы бірінші кезекте ҰБТ-де тапсыратын пәндер мен таңдаулы пәндерге баса назар аударуынан басталады. Өзінің кәсібіне және таңдау пәндерін ғана үлкен жауапкершілікпен оқығаннан, оқушылардың басқа пәндерге деген мотивациясының төмендеуінің бірден бір себебі осы. Одан бөлек, ата-аналардың да түсініктері, бағыттары осы кезеңде оқушының оқу мотивациясының болу болмауына қатты әсер етеді. Осы орайда, әр педагог оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуды мақсатқа ала отырып, оқушылардың қызығушылығын оятудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздене бастағаны жөн. Осы сәтте педагогтарға оқу мотивациясын дамытуға арналған психологияның әдіс-тәсілдерін көмек құралы ретінде пайдалануларына болады.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудағы жетекші рөлдердің бірі – білім алушылардың тапсырмаларды орындауға және функционалды сауаттылықты құрайтын дағдылар кешенін саналы түрде дамытуға ішкі ынталандыру жүйесі. Бұған түпкілікті нәтиженің мақсаты мен ұсынылуы, олардың білім беру мүдделері мен қажеттіліктерін түсінуге, білім беру кеңістігіне белсенді қатысуға, қажетті іс-қимыл әдістерін игеру процесінде жаңа нәрсені білуге бағытталуы мүмкін. Бұл психологиялық тұрғыда «максималды әсермен қалай ынталандыруға болады?» деген сұраққа әкеледі. Қазір психологиялық тұрғыда оқушыға әсер етудің кем дегенде екі жолы айқын көрінеді.

Біріншісі – функционалды сауаттылықты қалыптастыру үшін қолданылатын тапсырмалардың өзі арқылы. Мотивация жеке тұлғаның белсенділігін анықтайтын ынталандырушы факторлардың жиынтығы болғандықтан (мотивтің өзі, қажеттіліктер, ынталандырулар, жағдайлар факторлары), функционалды сауаттылық тапсырмаларының мотивациялық әсеріне қол жеткізу үшін олар осы оқушылар әрекет ететін нақты өмірге мүмкіндігінше жақын болуы керек. Реферат, шындықтан ажыратылған тапсырмалар, керісінше, демотивациялық әсер етеді. Қысқаша айтқанда, мотивацияның бірінші жолы – тапсырмалар контекстін нақты өмірдегі жағдайларға барынша жақындату.

Екінші жол – ойын технологияларын, көрнекі құралдарды, оқытудың жаңа нысандарын, квесттерді, жобаларды пайдалану арқылы, сондай-ақ жарыс жағдайларын жасау арқылы функционалды сауаттылықты қалыптастыру және дамыту мәселелеріне қызығушылықты жоғарылату. Яғни, оқушылардың функционалды жұмысқа деген қызығушылығын оятатын, қызығушылықтарын, хоббилерін есепке алуға, өзін және басқаларды көрсетуге мүмкіндік беретін әдістерді қолдану.

Үшінші бағыт – тиісті педагогикалық технологиялар. Функционалды сауаттылық деңгейі қолданбалы білім негізінде адам қызметінің әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттерді шешу қабілетінде көрінеді. Білім дәл негіз болып табылады, бірақ сауаттылықтың көрсеткіші емес. Л.С.Выготскийдің ұстанымынан адамның психикалық дамуы мен оқуы арасында оның қызметі әрқашан бірге тұрады.

Осылайша, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды психологиялық қолдаудың тұжырымдамалық негізін келесі бағыттар бойынша жүзеге асыруға болады:

- функционалды сауаттылықты қалыптастыруға және бағалауға тапсырмаларды әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- білім алушылар мен педагогтарды ынталандыру;
- тиісті педагогикалық технологияларды қолдану.

Әдебиеттер:

1. Даму психологиясы: Оқулық / М.К. Бапаева. – Алматы: 2014. – 440 бет.
2. Эриксон Э. Детство и общество. – СПб., 1996.
3. Мухина В. С. Психология дошкольника. М.: Просвещение, 1975.
4. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды. М., 1989. С. 277.
5. Бапаева М. К., Әбеуова Ә. И., Бапаева С. Т. Тұлға психологиясы. Оқулық. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010. – 160 б.
6. Выготский Л. С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы. 1999 ж.